

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Болашақ» университеті



ECTS ТИПІ БОЙЫНША КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ

Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген.
Хаттама №1 «29» тамыз 2017 ж.

Қызылорда, 2017ж.

МАЗМҰНЫ

1	Тағайындалу және қолданылу аясы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Глоссарий	4
4	Жалпы ережелер	4
4.1	ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу қазақстандық жүйесі	5
4.2	ҚР кредиттерін ECTS кредиттеріне және керісінше қайта есептеу әдістемесі	7
5	Құжаттандыру және мұрағаттау	10

1 ТАҒАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

1.1 Берілген ереже СТ ҚР ИСО 9001-2008 талаптарына сай әзірленіп, ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібін реттейді.

Қағаз нұсқа бұл құжаттың түпнұсқасы болып табылады.

1.2. Осы ереженің талаптары оқытудың кредиттік түрі бойынша білім бағдарламаларын жүзеге асыруға және оқу үрдісін ұйымдастыруға қатысатын институт бөлімшелеріне арналған.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 ҚР СТ ИСО 9001-2008. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

2.2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27 шілде 2007 ж.

2.3 ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 Бакалавриат. Негізгі ережелер.

2.4 Кредиттік технология бойынша оқытуды ұйымдастыру ережесі. ҚР БҒМ №152 бұйрық, 20.04.2011 ж.

2.5 ҚР жоғары оқу орындарында оқытындардың Академиялық жинақылық Тұжырымдамасы. Астана, 2011 ж.

2.6 Қазақстандағы жоғары білімді реформалау және Болондық үрдіс: тәжірибелік жұмыстар үшін ақпараттық материалдар. Алматы, 2009 ж.

3 ГЛОССАРИЙ

Академиялық жинақылық – білім алушылардың немесе зерттеуші-оқытушылардың білім алуға немесе зерттеу жүргізуге белгілі академиялық кезеңге ауысуы: семестр немесе оқу жылы, басқа жоғары оқу орны үшін (мемлекет ішінде немесе шетелде) өз ЖОО-нда немесе басқа ЖОО-нда білім алуды жалғастыруда меңгерілген білім бағдарламаларын кредиттер ретінде міндетті түрде қайта есепке алу.

(ECTS) кредиттерінің жиналуы және трансферт (аударудың) еурапалық жүйесі – (пән, курс, модульдер) білім бағдарламаларының компоненттеріне (кредиттер) есептік бірліктерін беру әдісі, білім алушының меңгерген оқу пәндерін (кредиттері және бағалары) салыстыру және қайта есептеуді есепке ала отырып, білім траекториясын, білім беру мемлекетін және оқу орнын ауыстыру жағдайы.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу қазақстандық жүйесі

4.1.1 ECTS – бұл жоғарғы білім аясында оқылған білімнің есептік бірліктерін жинау мүмкіндігіне ие болу құралы. ECTS –тің есептік бірліктері білім беруде күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге арналған сағаттар мөлшеріне негізделген.

Есіптік бірліктің жалпы еңбек сыйымдылығына дәрісханалық жұмысқа қоса, білім алушының басқа да өздік жұмыстар түрі кіреді: эссе, рефераттар, курстық жұмыстар (жобалар), бақылаудың ағымдық, аралық және қорытынды әр түрі бойынша дайындық, диплом жұмысына (жобасына) материалдар жинақтау және жазу.

ECTS шеңберіндегі есептік бірлік (академиялық кредит) бұл – білім алуға студенттің нақты нәтижелерге қол жеткізуі үшін номиналдық уақыт терминімен сипатталған, студенттердің еңбек шығынын өлшеу бірлігі. ECTS шеңберіндегі білім

алушының барлық жоспарланған оқу жұмысының түрлерін соңына жеткізу үшін қажетті еңбек шығыны уақытпен анықталады.

ECTS- ке қатысатын ЖОО төмендегі талаптарды орындауы қажет:

- Өз бағдарламасының барлық пәндерін есептік бірліктерде сипаттау қажет;
- Өз бағдарламасының негізгі бөлімдерін және олардың салмағын есептік бірліктерде анықтау;
- Әр түрдің баға үлесін және баға жүйесін анықтау;
- Тараулар мен есептік бірліктер бойынша сәйкестендірілген болса, басқа ЖОО-да студенттер оқып кеткен бағдарламаларды мойындау;

4.1.2 ECTS бір оқу жылындағы оқу жұмысының соммалық еңбек сыйымдылығын 60 кредитпен бағалайды, ал ол еңбек сыйымдылығының кредитін есепке алған жағдайда 1500-1800 академиялық сағатқа тең (білім алушы семестріне - 30 кредит, ал триместріне - 20 кредит жинайды). Оқу жылының ұзақтығы – 30 апта және 6 аптасы емтихан тапсыруға бөлінеді (қорытынды бақылау).

4.1.3 Еуропалық мемлекеттерде бакалавриат дәрежесін алу үшін оқыту ұзақтығы үштен төрт жылға дейін жалғасады және 180-240 есептік кредит бірліктерін жинауды қажет етеді.

4.1.4 ECTS ЖОО-дық/факультеттік (эдвайзер) үйлестірушісі, сонымен қатар құрылымдық бөлімшелер өз біліктілігі дәрежесі шеңберінде (ғылым және халықаралық байланыстар мен жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім беру бөлімі, ОӘБ, офис тіркеушісі) ECTS механизмдері мен ұстанымдарын ұстануды қамтамасыз етеді.

ЖОО-ң ECTS үйлестірушісі ЖОО –ң барлық құрылымдық бөлімшелер үйлестірушілерін үйлестіреді және бақылайды.

4.1.5 ECTS баға өлшемі бес жағымды («А» дан «Е» дейін) бағадан тұрады, «FX» өзгертілетін бағалар болса, ал «F» бағасы кредитсіз болып келеді.

1 -кесте

ECTS баға өлшемі

ECTS деңгейі	студенттер %	Баламасы
A	10	Үздік
B	25	Өте жақсы
C	30	Жақсы
D	25	Қанағаттанарлық
E	10	Жеткілікті
FX		Қанағаттанарлықсыз
F		Қанағаттанарлықсыз

Қазақстан Республикасының білімді бағалау жүйесі, білім алушының оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік әріптік жүйеде есепке алуға негізделген он жағымды бағадан тұрады («А» дан «D» дейін) (2- қосымша), ол кредиттерді және бір кредитсіз «F» қанағаттанарлық бағаны тағайындайды.

2- кесте

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені ECTS бойынша бағаға ауыстыру кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдың сандық эквиваленті	%-дық мәні	Дәстүрлік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға
A	4,0	95-100	Үздік	A

A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	B
B	3,0	80-84	Жақсы	C
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық	D
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59		
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	E
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F

4.1.6 ECTS бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйеге білім алушының оқу жетістіктерін және керісінше бағаларды ауыстыру 1 және осы Ережедегі 2-кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Берілген пәнді сәтті тапсырған студент қана есептік бірліктерге ие бола алады. Егер студент берілген курсты тындаған болса, бірақ белгіленген түрдегі қорытынды бақылауды өте алмаған жағдайда, осы курс бойынша есептік бірліктерді ала алмайды.

Білім алушының жұмыс түріне қатысты бір кредиттің еңбек сыйымдылығы жайлы мәліметтерді келесі кестелерден білуге болады:

3- кесте

Білім дәрежесі бойынша теориялық оқытудың бір қазақстандықтық кредит еңбек сыйымдылығы

Білім дәрежесі	Орташа өлшем			Кредиттің еңбек сыйымдылығы
	Дәрісханалық жұмыстар мен СӨЖ сағаттарының сәйкестігі	Дәрісханалық жұмыстар сағаты	СӨЖ сағаты	
Бакалавриат, маман	1:2	15	30	45
Магистратура (профильдік)	1:3	15	45	60
Магистратура (ғылыми және педагогикалық)	1:4	15	60	75
Докторантура	1:6	15	90	105

Жұмыс түріне қарай (барлық білім дәрежелеріне) бір қазақстандық кредиттің еңбек сыйымдылығы

Жұмыс түрі	Байланыстық жұмыстар сағаты мен СӨЖ сағатының сәйкестігі	Байланыстық жұмыстар сағаты	СӨЖ сағаты	Кредиттің еңбек сыйымдылығы
Оқу практикасы	1:0	15	0	15
Педагогикалық практика	1:1	15	15	30
Өндірістік практика	1:4	15	60	75
Зерттеу практикасы	1:6	15	90	105
МҒЗЖ (ДҒЗЖ)	1:7	15	105	120
Қорытынды аттестация	1:6	15	90	105

4.2 ҚР кредиттерін ECTS кредиттеріне және керісінше қайта есептеу әдістемесі

4.2.1 ҚР кредиттерін ECTS кредиттеріне және керісінше қайта есептеу әдістемесі көшіру коэффициенті негізінде жүзеге асырылады.

4.2.2 Қазақстан Республикасы кредиттерін ECTS кредиттеріне қайта есептеу ECTS кредиттерін аудару коэффициентіне бөлу арқылы, ECTS-ң 1 кредитін әр пән бойынша толық болуына және білім бағдарламаларының деңгейіне байланысты жүргізіледі:

- 1) бакалавриат үшін - 1,5 тен 1,8 дейінгі аралықта;
- 2) профильдік магистратура үшін - 2 ден 2,4 дейінгі шамада; ғылыми және педагогикалық үшін – 2,5 тен 3 дейінгі аралықта;
- 3) докторантура үшін - 3,5 тен 4,2 дейін.

Бұған қоса кредиттер бүтін бірліктер негізінде құрылады.

Курстық жобаның (жұмыстың) еңбек сыйымдылығы пәннің жалпы еңбек сыйымдылығына кіреді.

4.2.3 Қазақстан Республикасы кредиттерін ECTS кредиттеріне қайта есептеу үшін, 5-кестеде ұсынылған ауыстыру коэффициентіне Қазақстан Республикасы кредиттерін көбейту арқылы және ECTS-ң 1 кредитін әр пән бойынша толық болуы мен білім бағдарламаларының деңгейіне байланысты жүзеге асырылады.

Білім дәрежесі бойынша теориялық оқытудың кредитті қайта есептеудегі көшіру коэффициентінің мәні

Білім деңгейі	Қазақстандық кредиттің еңбек сыйымдылығы	ECTS кредитінің еңбек сыйымдылығы	
		30	25
Бакалавриат, маман	45	1,5	1,8
Магистратура	60	2	2,4

(профильдік)			
Магистратура (ғылыми және педагогикалық)	75	2,5	3
Докторантура	105	3,5	4,2

Берілген көшіру коэффициенттері теориялық білім берудің кредиттерін қайта есептеу үшін (дәрісханалық сабақтар мен өздік жұмыстарды есепке ала отырып) қолданылады.

Мысалы: теориялық оқытудың қазақстандық еңбек сыйымдылық кредиті бакалавриат үшін – 45 академиялық сағат, ал ECTS кредиттері 25-30 академиялық сағат, яғни, қайта есептеудің коэффициенті 1,5 –ке тең минималды (яғни 45/30 – 1,5) және максималды 1,8-ге тең ($45/25 = 1,8$) аралығында болады.

- 1- мысал:** ECTS кредиттеріне қазақстандық кредиттерді ауыстыру үшін (ECTS-ң 1 кредиті = 25 сағат) қазақстандық кредиттер санын көшіру коэффициентінің максималды мәніне көбейтіп, нәтижесін бөлшек сандарды алып тастау арқылы, бүтін санға айналғанша дөңгелектеу, яғни аз жаққа дөңгелектеу. Дөңгелектеуден кейінгі қайта есептеудің қорытынды нәтижесі жақшада көрсетілген.

Пәндер	KZ кредит саны	ECTS * кредит саны			
		Бакалавриат	Профильдік магистратура	Ғылыми және педагогикалық магистратура	Докторантура
<i>Аудару коэффициенті</i>		1,8	2,4	3	4,2
Пән 1	2	3,6 (3)	4,8 (4)	6	8,4 (8)
Пән 2	3	5,4 (5)	7,2 (7)	9	12,6 (12)
Пән 3	4	7,2 (7)	9,6 (9)	12	16,8 (16)

* кредиттер саны аз жаққа дөңгелектенеді, себебі, есептеуде көшіру коэффициенттерінің максималды мәндері алынады.

- 2- мысал:** ECTS кредиттеріне қазақстандық кредиттерді ауыстыру үшін (ECTS-ң 1 кредиті = 30 сағат) қазақстандық кредиттер санын көшіру коэффициентінің минималды мәніне көбейтіп, нәтижесін бөлшек сандарды алып тастау арқылы, бүтін санға айналғанша үлкен жаққа дөңгелектеу.

Пәндер	KZ кредит саны	ECTS ** кредит саны			
		Бакалавриат	Профильдік магистратура	Ғылыми және педагогикалық магистратура	Докторантура
<i>Аудару коэффициенті</i>		1,5	2	2,5	3,5
Пән 1	2	3	4	5	7,5 (8)
Пән 2	3	4,5 (5)	6	7,5 (8)	10,5 (11)

Пән 3	4	6	8	10	14
-------	---	---	---	----	----

** кредиттер саны аз жаққа дөңгелектенеді, себебі, есептеуде көшіру коэффициенттерінің минималды мәндері алынады.

4.2.4 Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша кредиттерін қайта есептеу 4.2.2 пунктiне сәйкес, төмендегiдей көшіру коэффициенттері арқылы жүзеге асады:

Жұмыс түрі	Аудару коэффициентінің шегі
Оқу практикасы	0,5 - 0,6
Педагогикалық практика	1 - 1,2
Өндірістік практика	2,5 - 3
Зерттеу практикасы	4 - 4,8
МҒЗЖ (ДҒЗЖ)	4 - 4,8
Қорытынды аттестация	3,2 - 4,5

ECTS кредиттерін KZ кредиттеріне қайта есептеу мына формула арқылы орындалады:

$$\text{KZ кредиттер саны} = \frac{\text{ECTS кредиттер саны}}{\text{Көшіру коэффициенті}}$$

ECTS кредиттер мөлшерін көшіру коэффициентінің мәніне бөліп, нәтижесін бөлшек сандарды алып тастау арқылы дөңгелектеу.

6- кесте

Бакалавриат үшін көшіру коэффициенті арқылы теориялық білім берудің ECTS кредиттерін KZ кредиттеріне қайта есептеу

ECTS кредиттер саны	Бөлу қорытындысы		KZ кредиттер саны	ECTS еңбек сыйымдылығын есепке алмағандағы кредиттер саны
	1,8	1,5		
2	1.1	1.3	1	1
3	1.7	2	1-2	2
4	2.2	2.6	2	2
5	2.8	3.3	2-3	3
6	3.3	4	3-4	4

Кредиттердің еңбек сыйымдылығы негізінде көшіру коэффициентсіз ECTS кредиттерін KZ кредиттеріне қайта есептеу кестесі.

Бакалавриат үшін академиялық сағаттар негізінде ECTS теориялық білім берудің кредиттерін KZ кредиттеріне қайта есептеу

ECTS кредиттер саны	Академиялық сағаттар саны	KZ кредиттер саны
2	50-60	1
3	75-90	1-2
4	100-120	2
5	125-150	2-3
6	150-180	3-4

4.2.5 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша (ҚР БҒМ №152 бұйрығы 20.04.2011 ж.) оқу үрдісін ұйымдастыру Ережесі негізінде оқу жұмысының негізгі түрлері ерекшеленген :

- 1) дәріханадағы және өздік жұмыстар үрдісіндегі білім алушының теориялық білім алуы (дәрістер, практикалық (семинарлық), студиялық, лабораторлық сабақтары);
- 2) кәсіптік практика;
- 3) магистрлік және докторлық диссертацияны орындаумен қоса, білім алушының ғылыми – зерттеу (эксперименттік - зерттеушілік) жұмысы.
- 4) білім алушының екі түрдегі қорытынды аттестациясы:
 - магистрлік немесе докторлық диссертация жұмыстының (жобасының) орындалуы және қорғалуы;
 - (магистратура немесе докторантурада) кешенді емтихан немесе мамандық бойынша мемлекеттік емтиханға дайындалу және тапсыру.

5 ҚҰЖАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ МҰРАҒАТТАУ

5.1 Құжаттандыру рәсімінің түпнұсқасы қызмет көрсету мерзімі асқан соң, жойылған немесе алмастырылған жағдайда институттың Әдістемелік кабинетінде 3 жыл сақталады.

5.2 Сапа бойынша жазбалар ДП.10.05/2005 ДП «Сапа саласындағы жазбаларды басқару тәртібі» құжаттандыру рәсімінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**Білім алушының оқу жетістіктеріндегі бағаларын ECTS бойынша
балдық-рейтингтік әріптік жүйеге ауыстыру кестесі**

ECTS бойынша баға	Әріптік жүйе бойынша баға	Балдың сандық эквиваленті	%-дық мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	A	4,0	100	Үздік
B	B+	3,33	85	Жақсы
C	B	3,0	80	
D	C	2,0	65	Қанағаттанралық
E	D	1,0	50	
FX, F	F	0	0	Қанағаттанралықсыз

Балдық-рейтингтік әріптік жүйе бағаларын ECTS бағаларына ауыстыру кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдың сандық эквиваленті	%-дық мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға
A	4,0	95-100	Үздік	A
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	B
B	3,0	80-84	Жақсы	C
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74	Қанағаттанралық	D
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59	Қанағаттанралық	E
D	1,0	50-54		
F	0	0-49	Қанағаттанралықсыз	FX, F